# ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№ 82 (3909)
3 қараша 2026

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет



2-БЕТ



Ғылымды дамытуға бөлініп жатқан қаржы жеткіліксіз

4-БЕТ



Мұраға талас: ағайынды араздастырған дүние

8-БЕТ



Алданған арман


БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯНЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МІНДЕТ

**Президент Жолдауы стратегиялық бағытты айқындады. Ендігі міндет – сол бағытты заңнамалық шешімдермен бекітіп, бюджетпен қамтамасыз етіп, нақты іске асыру. Құрылтай комитеттерінің жұмысы осы нәтижеге бағытталуы тиіс. Өткен аптада Құрылтайдағы жұмыс осы тұрғыдағы маңызды басымдықтарды айқындауға бағытталды. Алдымен бюроның отырысында комитеттер нақты тапсырмалар алды. Жүктелген міндет ауқымы кең.**

*(Жалғасы 3-бетте)*



САРАП

# МЕМЛЕКЕТ КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАП ОТЫР МА?

Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының талдауы көрсеткендей, 9 айда негізгі капиталға инвестициялар былтырғы кезеңмен салыстырғанда 7 пайызға өсіп, 16,1 трлн теңгеге жеткен. Биыл қаржыландыру құрылымы да айтарлықтай өзгерді. Кәсіпорындардың меншікті қаражатының үлесі 63-тен 65,8 пайызға дейін, банк несиесі 3,7-ден 5,6 пайызға, басқа да қарыз 10,3-тен 14,3 пайызға дейін өсті. Ал бюджеттік қаржыландырудың үлесі 23-тен 14,3 пайызға дейін төмендеп, оның көлемі жылдық көрсеткішпен салыстырғанда 32 пайызға кеміді. Осылайша, инвестициялық белсенділік кәсіпорындардың меншікті және қарыз қаражатына көбірек тәуелді болып, үкіметтің тікелей қатысуы төмендеуде.

Бұл үрдіс тек бізде ғана емес, әлемдік экономикаға тән құбылыс болып отыр. Атап айтқанда соңғы бес жылда әлемде негізгі капиталға салынған инвестициялар құрылымындағы мемлекеттік бюджет қаражатының үлесі азаюда. Біреулер бұл созылмалы бюджет тапшылығынан туындаған уақытша амал десе, екіншілері оны дамыған нарыққа тән заңды макроэкономикалық эволюция дегенді алға тартып отыр. Оның екеуі де негізсіз емес.

Пандемиялық дағдарыс кезінде әлемнің көптеген елі экономикалық белсенділікті сақтап қалу үшін нарыққа орасан зор мемлекеттік фискалдық интервенция жасады. Алайда бұл «төтенше» шаралардың арты жаһандық инфляцияға және мемлекеттік қарыздың шектен тыс өсуіне әкелген соң, ЭЫДҰ елдері шығыстарды қатаң шектеу саясатына көшті. Ал дамыған елдер (АҚШ, ЕО) негізгі капиталға салынған жалпы инвестициялар қоржынындағы бюджеттік қаражат үлесін 15-16 пайыздан асырмады. Оларда инвестицияның 85 пайызы дамыған капитал нарығы, зейнетақы қорының активтері, венчурлық қорлар және синдикатталған банктік несиелер есебінен қамтамасыз етіледі. Жаһандық тренд көрсеткендей, дамыған мемлекеттер тікелей қаржыландырудан бас тартып, негізгі акцентті «жасыл» облигациялар мен жеке капиталды ынталандыратын құқықтық экожүйе қалыптастыруға аударды. Сондықтан, жаһандық деңгейде мемлекеттің тікелей инвестор рөлінен бас тартуы – нарықтық экономиканың толысуын көрсететін қалыпты, эволюциялық үрдіс болып табылады.

Көршілес елдерде соңғы бесжылдықта инвестициялық саясаттың екі түрлі, бір-біріне қарама-қайшы моделі қалыптасты. 2022 жылдан кейінгі геосаяси оқшаулану мен батыс санкцияларынан кейін Ресейде негізгі капиталға салынған инвестициялардағы бюджет қаражаты мен мемлекеттік қорлардың үлесі күрт өсіп кетті. Әскери-өнеркәсіптік кешенді және импортты алмастыруды мемлекеттік қазынадан агрессивті түрде қаржыландыру нарықтық бәсекені жойып, экономиканы «мемлекеттік капитализмге» тіреді. Ал Өзбекстан Қазақстанның тәжірибесіне сүйеніп, мемлекеттік жүктемені азайту бағытын ұстанды. Бұрын толықтай дерлік мемлекеттік кепілдікпен алынған сыртқы қарыздар мен бюджетке иек артқан олар Мемлекеттік-жекешелік әріптестік (МЖӘ) тетіктерін енгізу бойынша аймақтық көшбасшыға айналды. Тұрғын үй құрылысы, энергетика (күн және жел станциялары) мен ірі инфрақұрылым толықтай жеке және халықаралық консорциумдардың капиталына көшірілді, бұл бюджет салмағын айтарлықтай жеңілдетті.

Қазақстанда негізгі капиталға салынған инвестициялар құрылымындағы мемлекеттік бюджеттің үлесі 2024 жылы – 21,6%, 2025 жылы – 21,5% болса, биыл 9 айда 14,3 пайызға дейін күрт құлдырады.

*(Жалғасы 4-бетте)*

ҚҰРМЕТ

Ақмола облыстық сотының төрағасы Исатай Сматовтың ұсынысын қолдаған облыс әкімі Марат Ахметжановтың шешімімен жақында сот жүйесінің ардагері Мейрам Ғибәдиловке «Көкшетау қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді.

# СОТ АРДАГЕРІ – «КӨКШЕТАУДЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ»



Осыған орай ұйымдастырылған салтанатты жиында Исатай Сматов бұл құрметті атақтың берілуі – сот жүйесінде ұзақ жыл бойы абыроймен қызмет етіп, кәсіби жауапкершілігімен және азаматтық ұстанымымен танылған тұлғаның еңбегіне көрсетілген зор құрмет әрі лайықты баға екенін жеткізді.

Мейрам Мырзахметұлы – білімі мен біліктілігі, адалдығы мен әділдігі, парасаттылығы мен өмірлік тәжірибесі тоғысқан, талай жас маманға жол көрсеткен білікті судья, тәлімгер ұстаз. Биыл 7 қарашада 79 жасқа толған ардагер Свердлов заң институтының түлегі. Алғашқы еңбек жолын Көкшетау облысының Қызылту ауданындағы заң консультациясының меңгерушісі қызметінен бастаған әріптесіміз 1976 жылы Рузаев аудандық халық сотының халық судьясы болып сайланды.

*(Жалғасы 4-бетте)*

Электрондық нұсқасы

МЕЖЕ

# БЕЙНЕБАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ **ҚЫЛМЫСТЫҢ АШЫЛУЫН** ЖЕҢІЛДЕТТІ

Соңғы жылдары елімізде полиция қызметін цифрландыру және заманауи технологияларды енгізу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Мәселен, Жамбыл облысында қазір «Кілемді бейнебақылау», «Шағын қалалардың жедел басқару орталықтары», «Цифрлық полицей» жобалары жүзеге асырылуда.

Атап айтқанда, «Кілемді бейнебақылау» жобасы аясында бұл өңірде 91 214 бейнебақылау камерасы орнатылған. Оның ішінде 24488 камераға түсетін бейнелерді Жедел басқару орталығына және полиция бөлімдерінің кезекші бөлімдеріне шығару ұйымдастырылған. Бұл жалпы камералар санының 27 пайызын құрайды. Ғылыми-техникалық құралдарды, оның ішінде Жедел басқару орталығындағы бейнебақылау жүйелерін пайдалану арқылы 9 айда 297 қылмыс ашылды. Бұл жалпы тіркелген қылмыстардың 58,2 пайызын құрайды.

«Қала аумағында қоғамдық қауіпсіздікті талдау функциялары бар 400 «Pelco VideoXpert» бейнебақылау камерасы жұмыс істейді. Аталған камералар іздестірілетін және есепке алынатын тұлғалардың дерекқорымен интеграцияланған. Жүйенің көмегімен 1991 тұлға танылды, оның ішінде 173 тұлға қатесіз сәйкестендірілді. Анықталған тұлғалар туралы ақпарат тиісті сұрау салулардың бастамашыларына жолданды. KPI нысаналы көрсеткіштеріне сәйкес, қазіргі уақытта түрлі бейнеаналитика функциялары бар 2 657 бейнебақылау камерасы орнатылған. Олардың қатарында бет-әлпетті және көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірлерін тану, азаматтардың жаппай жиналуын, түтінді және қараусыз қалдырылған заттарды анықтау функциялары бар», – дейді Жамбыл облыстық полиция департаментінің Цифрландыру және жасанды интеллект басқармасы бастығының орынбасары Арман Турдалиев.

А. Асылханұлының айтуынша, жол қозғалысы ережелерінің бұзылуын тіркеудің мобильді кешендері де өз тиімділігін көрсетуде. Облыс аумағында 64 аппараттық-бағдарламалық кешен жұмыс істейді. 2026 жылдың 9 айында автоматтандырылған аппараттық-бағдарламалық кешендер арқылы мынадай нәтижелерге қол жеткізілді: «Автосканнар» АБК-нің 37 кешені арқылы 61 299 нұсқама тіркеліп, оның 55 677-сі бойынша айыппұл өндірілді; «ЕКИН ПАТРОЛ» АБК-нің 8 кешені арқылы 323 нұсқама тіркеліп, оның 303-і бойынша айыппұл өндірілді; «ПаркРайт» мобильді аппараттық-бағдарламалық кешенінің 9 бірлігі арқылы 101 209 нұсқама тіркеліп, оның 97 906-сы бойынша айыппұл өндірілді. Құқық бұзушылықтардың көп тіркелуіне байланысты биыл қосымша 5 «ПаркРайт» мобильді кешені сатып алынып, пайдалануға берілді.

### «Ақылды жаяу жүргіншілер өткелі»

2025 жылы қоғамдық және жол қауіпсіздігінің зияткерлік жүйесін дамыту аясында 6 «Ақылды жаяу жүргіншілер өткелі» кешені орнатылды. 2026 жылдың қыркүйегінен бастап қосымша 18 кешен іске қосылды. Осылайша, қазіргі уақытта жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін арттыруға және жүргізушілердің жаяу жүргіншілерге жол бермеу фактілерін тіркеуге арналған 24 кешен жұмыс істейді. Бұдан бөлек, 2026 жылы «Argus – Жаяу жүргіншілер өткелі» аппараттық-бағдарламалық кешендерінің 2 данасын жалға алу туралы шарт жасалды. Оларды Әкімшілік құқық бұзушылықтардың бірыңғай тізіліміне интеграциялау осы айға жоспарланған. Сонымен қатар, жылдамдық режимін бұзуды, жаяу жүргіншілерге жол бермеуді, қауіпсіздік белдігін тақпау және көлік жүргізу кезінде ұялы телефон пайдалану фактілерін тіркейтін қосымша 10 «Сұңқар» аппараттық-бағдарламалық кешенін сатып алу бойынша мемлекеттік сатып алу конкурсын өткізу жоспарланған.

### «E-AYGAQ ZAT» жүйесі

Полиция департаментінде сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімімен және «Е-Төрелік» ақпараттық жүйесімен интеграцияланған 3 «E-AYGAQ ZAT» жүйесі енгізілді. Аталған жүйелер Тараз қалалық полиция басқармасында, Жамбыл және Меркі аудандық полиция бөлімдерінде жұмыс істейді.

Полиция қызметінде электрондық бақылау құралдарын сервистік модель бойынша пайдалану мақсатында 2025–2027 жылдарға арналған үш жылдық мерзімге 63 электрондық білезік жинтығын жалға алу туралы шарт жасалды. Шарттың жалпы құны – 72 млн теңге. Электрондық бақылау құралдарының жүйесі Жедел басқару орталығына интеграцияланған, бұл жедел мониторинг жүргізуге және уақытылы ден қоюға мүмкіндік береді. Электрондық құралдардың пайдаланылуын бақылау және мониторинг жүргізу Полиция департаментінің Қоғамдық қауіпсіздік басқармасына бекітілген.

Қазіргі уақытта «GoldWest KZ» ЖШС электрондық мониторинг жүйесінің серверлік инфрақұрылымын мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасына қосу жұмыстарын жүргізуде. Жұмыстарды аяқтаудың болжамды мерзімі – 2026 жылғы 10 қазан. Электрондық бақылау құралдарынан деректерді беру мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасына қосылған қорғалған IP VPN желісі арқылы Beeline ұялы байланыс операторының көмегімен жүзеге асырылуы жоспарланған.

### Ситуациялық-талдау орталығы

Қылмыстар, әкімшілік құқықбұзушылықтар, жол-көлік оқиғалары, жол қозғалысы ережелерін бұзушылар санаттары, сондай-ақ отбасылық-тұрмыстық, кибер және есірткі қылмыстары бойынша деректерді талдауға арналған «Ситуациялық-талдауорталығы» платформасын дамыту аясында Ішкі істер министрлігінің Арнайы және жұмылдыру дайындығы департаменті смарт-жетондар мониторингінің дашбордын әзірлеуде. Аталған дашбордты енгізу смарт-жетондардың белсендіру мәртебесін, оларды қосу және өшіру уақытын, сондай-ақ қызмет атқару барысында пайдалану ұзақтығын бақылауға мүмкіндік береді. Бұл сыртқы қызметтер жұмысының тиімділігін мониторингтеуге жағдай жасайды.

**Е.КЕБЕКБАЙ,**
**«Заң газеті»**

Өзіңіз қорғалған!

# ЖАРНАМА

## ТАРАТУ

2. «ЦЕЗАРЬ1» ЖШС (БСН 150640009718) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Айтеке би көшесі, 3 үй, тел. + 7 775 221 11 13.

3. «BOGDA» ЖШС (БСН 230740031874) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Енбекшіқазақ ауданы, Байдібек ауылы, Байболов көшесі, 296-үй.

5. «ЕМХАНА ТҮЙМЕБЕК-ОЙЫК» ЖШС (БСН 220740041929), (080800, Жамбыл обл., Талас ауд., Қаратау қ., Бауыржан Момышұлы көш., 19Б құрылыс), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Тараз қ., Қосы батыр көш., 5-үй. Тел. + 8 707 288 21 95, + 8 778 221 75 46.

6. «Алихан-008» ЖШС (БСН 210540023218), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы обл., Балқаш ауд., Бірлік а.о., Бірлік ауылы, Ш.Уәлиханов көш., 68 құрылыс. Тел. + 8 707 157 17 87.

7. «Climavent» ЖШС (БСН 081040002706) (Қазақстан, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Н. Назарбаев даңғылы, 247-үй, 1-пәтер), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Хусаинов көшесі, 281. Тел.: +7 778 106 22 00.

8. «Dalam App» ЖШС (БСН 260740041351) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Сауран көшесі, 18/1-үй, 40-пәтер. Тел. +7 775 370 77 90.

9. «Ипек Кагыт Казахстан» ЖШС (БСН 060140000688) (Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Жібек жолы даңғылы, 115/46-үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Талғар ауданы, Қойкелді батыр көшесі, 25-үй (Alatau Village коттедж қалашығы, 225-үй). Тел.: +7 701 765 23 42.

12. «UNITY STORY GROUP» ЖШС (БСН 180640021653) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Ақжайық ауданы, Чапаев кенті, Махамбет көш., 1-үй, 2-пәтер. Тел.: + 8 705 811 81 35.

13. «КЭМОНТ» АҚ жұмыскерлерінің жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі (БСН 250140012502) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Самар Шоссесы, 7-үй.

14. «Кума» ЖШС (БСН 240940023525) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтау қ., 17 ықшам ауданы, 103-үй, 12-пәтер. Тел. +7 702 572 03 62.

15. «Қоғамдық қор – Қазақ елінің «Алдаспан» батырлар қоры» ҚҚ (БСН 961240008925) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы обл, Қарасай ауданы, Жандосов ауылы, Балдырған көшесі, 35/2. Тел. +7 776 069-58-48.

16. «МАҚЖАН-777» ЖШС (БСН 190540003445) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Сарапхана ауылдық округі, Сарапхана ауылы, Ж.Әкішұлы көшесі, 45-үй, 160300.

## ӘРТҮРЛІ

10. Астана қаласы, А.Кравцов көш., 6 мекенжайында орналасқан «Кредит Сервис Ломбард» ЖШС күн сайын жұмыс күндері (дүйсенбі–жұма) сағат 10.00-де сатып алынбаған кепіл мүлкінің сауда-саттығы өткізілетінін хабарлайды.

Анықтамалар үшін телефоны: +7 702 321 86 86.

11. Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 21.10.2026 жылғы ұйғарымымен Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Әулиеата ауданы, Қазыбек би көшесі, 115-үй, 6А кеңсе мекенжайында орналасқан «Умарова Г. А.» жеке кәсіпкерге, ЖСН 830925400761, қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы іс қозғалды.

**Баспасөз – 2027**

**Құрметті оқырман!**

**«Заң газеті»** және **«Юридическая газета»** газеттеріне және **«Заң»** журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.
Біздің басылымдарға **«Қазпошта» АҚ** бөлімшелері, **«Қазпресс» ЖШС** дүңгіршектері және Алматы қаласындағы **«Дауыс»** жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

**«Заң газеті»**

*жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921*

zanreklama@mail.ru

## МҰРАГЕРЛІК

4. 2025 жылы 15 желтоқсанда қайтыс болған Курманходжаев Муратбек Кенжегажиевичтің артынан мүлкіне мұрагерлік іс ашылуына байланысты барлық мұрагерлер нотариус Ибраева Баян Галиевнаға хабарласуларын сұраймыз. Мекенжайы: Абай облысы, Мақаншы ауданы, Мақаншы ауылы, Аль-Фараби көш., 7А ғим.

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

**ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:**

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 707 280 09 12, 8 705 185 75 73, 8 747 280 09 12, 8 701 739 27 83, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе, e-mail: zaninfo@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолқын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма, 4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент қаласы, Г. Иляева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail. com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемеращи көшесі, 59, тел. 87058147221

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

Trade and Service ЖК, Алматы қаласы, мкр. Жетысу-3, д.55/133, тел. 87475501070